

Мұндай адамдардың бейнесі алтыннан құйып қойғандай, бұл жерде алтын деп отырғаным – оның қымбат металл болуынан емес, оның ешқашанда тот баспайтындығынан. Мұндай жай да жүрекке жылы және ондай адам мәңгі тірі»[7, 304 б.].

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Қазақстан Ұлттықэнциклопедиясы. Алматы: 2004. —1 Т. 103 б.
2. Арқа ажары.Ақмола әкімшілігі мен мәслихатының облыстық газеті.- 22.06. 2020. №63, 4 бет.
3. Арқа ажары.Ақмола әкімшілігі мен мәслихатының облыстық газеті.- 22.06. 2020. №63, 4 бет.
4. Арқа ажары.Ақмола әкімшілігі мен мәслихатының облыстық газеті.- 22.06. 2020. №63, 4 бет.
5. Арқа ажары.Ақмола әкімшілігі мен мәслихатының облыстық газеті.- 22.06. 2020. №63, 4 бет.
6. Қазақстан Ұлттықэнциклопедиясы. Алматы: 2004.—1 Т. 103 б.
7. І.Есенберлин. 10 томдық. 8-том. – Алматы: Жазушы, 1984.-304б.

#### **Желтоқсан оқиғасы-Тәуелсіздік бастауы**

Асан И.Б.

Ғылыми жетекші, PhD, доцент Ақпанбет Н.Н.

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университет

Қазақстан үшін, қазақ халқы үшін тәуелсіздік оңайлықпен келген жоқ еді. Ата-бабамыз бостандықты, егемендікті аңсап, Тәуелсіздікке зарығып жетті. Тәуелсіздік туын тігуге халқымыздың бостандыққа ұмтылысының және өшпес қайсар рухының арқасында қол жеткіздік. Бұл күнге дейін жеткен ұмытылмас оқиғалар – ел бостандығын қорғау соғыстары мен ұлт-азаттық көтерілістердің тарихымызда өшпес өнеге, өлмес мұра ретінде сақталатыны рас. Елдің біртұтастығы мен тыныштығын сақтауға хан-сұлтандар, батырлар, қарапайым халықтың өзі де жандарын пида еткен. Тәуелсіздік деген ұлы жеңіске қол жеткізуде әлі де жаңғырып тұрған кешегі Желтоқсанның да септігі аз болған жоқ – студент жастардың көшеге шығып үндеуі және егемендік үшін зардап шегуге дайын екендігін көрсете білуі барша халыққа сенім мен жігер берген болатын.

1980 жылдары халықтың басым көпшілігінде ұлттық сана-сезімнің даму деңгейі тежелді, ондаған жылдар бойына жинақталған мәселелерді көруге, оның ақ-қарасын ажыратуға, орталықтан басқарылатын әміршіл-әкімшіл жүйе мүмкіндік бермеді. Өйткені оның әрі қарай дамуын көптеген жасанды кедергілер тежеп тұрды. Осы жылдары ұлттық ерекшеліктерден гөрі кеңестік салттар көбірек дәріптеліп, қоғамдық санаға барынша енгізіліп отырды. Кез келген қоғамның табиғи дамуы, оның ерекшелігі КСРО-да тұратын халықтың ұлттық ерекшелігінде екендігі, біздің еліміз тек осындай әр түрлілігімен мықты екендігі ескерусіз қалды. Ұлттық республикаларда өмірге деген көзқарас, оны қабылдау тек еуроцентристік негізде қалыптасты. Сөйтіп, халық арасында ұлты мен тілін, діні мен ділін ұмытуға жағдай жасалды. Адамдар арасында ана тілін, ұлттық әдет-ғұрыптарды білмей-ақ адам болам деген сенім туды. Бұған кеңестік қоғамның бүкіл саяси, экономикалық, әлеуметтік, мәдени басқару жүйесі әсер етті. Нәтижесінде республикада солақай интернационалистердің армиясы пайда болды. Олар кез келген нәрседен ұлтшылдықтың белгілерін табуға әдеттенді. Бұл психология Орталыққа тиімді болды, оның тарапынан үнемі қолдау тауып отырды.

Айтып отырған жылдарымызда республиканың өмірінің барлық саласында тоқыраушылық белең алды. Айталық, осы жылдары қазақ халқының тек қана әлеуметтік жағдайы ауыр болмады, оған қоса халықтың көбі не тарихын дұрыс білмейтін, не ана тілінде дұрыс сөйлей алмайтын жағдайға жетті. Қазақ тіліндегі газет-журналдар таралымы өспей

қойды. Ауыр дертті сезіп, оны айтқан азаматтар қудаланып, олардың дауысы естілмеді. Ал енді осы қиыншылықтардың барлығы қосыла келе халықтың наразылығын тудырды [1;24б.].

1986 жылғы желтоқсанның 17-18 жұлдызында бүкіл елді дүр сілкіндірген ғаламат оқиға болды. Совет тұсында бұрын-соңды кездеспеген құбылыс. Осы 1986 жылғы желтоқсан оқиғасының басты себептері мен оның басталуына дейінгі қарсанындағы жағдайларға тоқтала кетейін. Осы жылдың 16 желтоқсанында Алматы қаласында Қазақстан Компартиясы ОК-нің Пленумы шақырылып, онда Қазақстан Коммунистік Партия ОК бірінші хатшысы Д.А.Қонаевтың жасы келіп қартайғандығын, қайта құруды жүргізуге шама-шарқы келмейтігін айтып, зейнеткерлікке шығатыны және атқарып отырған қызметінен босатылғаны жөнінде Саяси Бюроның шешімін жариялады.

Орталықтың ұсынысымен Қазақстан КП ОК хатшылығына бұған дейін Ульяновск облыстық комитетін басқарған Г.В.Колбин тағайындалды. Бұл хабар Қазақстан жұртшылығына тез тарады. Тарихта-«Желтоқсан оқиғасы», «Желтоқсан қозғалысы», «Желтоқсан көтерілісі» деп аталып жүрген қазақстандық демократ жастардың толқуы дәл осы кезде басталды.

Ол-ғасырдан-ғасырға созылған отаршылдық езгіге, қазақ халқының төл мәдениетін, тілін, тарихын жоюға бағытталған саясатқа қарсылықтан туындады. Орталық билік ұлттық кадрларды назардан тыс қалдырды. Ақырында, Қазақстан КП ОК бірінші хатшылығына Г.В.Колбинның тағайындалуы халықтың ашу-ызасын туғызды. Халық қозғалысы алыс-жақын елдерге де әсер етті. Ұлттық сананың оянуына негіз болды [2;112б.].

Оқиға барысына оралатын болсақ, әуелі тек Алматы қаласының жұмысшы және студент жастарынан тұратын шағын ғана топтың Орталық Комитет Пленумының шешіміне наразылық білдіргенін атап айтуымыз жөн. Бұл наразылық бейбіт шеру түрінде өтіп, саяси сипат алды, мемлекеттік құрылысты құлатуға немесе басқа халықтарға қарсы әрекет жасауға шақырған жоқ. Республика Компартиясы Орталық Комитеті үйінің алдына жиналған жастар Пленум шешімімен келіспейтіндіктерін білдіріп, соған байланысты түсінік беруді талап етті [3; 20б.].

1986 жылы 17 желтоқсан күні таңертең сағат 8-де Қазақстан Коммунистік партиясы Орталық комитетінің алдындағы Л.И. Брежнев атындағы республика алаңына (қазіргі Республика алаңы) адамдар жинала бастады. Жиналғандар орталықтың кадр саясатын жүргізудегі өктемдігіне наразылық білдірді. Орталық өкілдерінен жергілікті билік органдарымен санасуды, республиканың егемендігін сыйлауды, ұлттық тіл мен мәдениеттің дамуын қамтамасыз етуді, жергілікті халық арасынан саяси қайраткерлердің шығуына кедергі келтірмеуді және т.б. талап еткен дауыстар естіліп, транспаранттар көтерілді. Митинг бір қалыпты, тәртіппен өтіп жатты. Наразылықтың көш басында жастар, студенттер, жұмысшылар тұрды және олар Желтоқсан оқиғасының қозғаушы күштері болып табылады [1;25б.].

Республика басшылығы жастардың өздерімен терезесі тең сөйлесуін қорлық санап, олардың пікірімен санасуды жөн деп таппады. Сөйтіп, бұл саяси наразылық өкіметке қауіп төндіру ретінде бағаланып, сан жағынан шеруге қатысушылардан бірнеше есе басым түсетін Алматы горнизоны әскери әзірлік жағдайына келтірілді де, алаңды қоршап алуға бұйрық алды. Тіпті жастар жиынын тұрақты әскери бөлімшелердің күшімен басу туралы мәселе де күн тәртібіне қойылды.

Бейбіт шерудің жаппай тәртіпсіздікке ұласуына-республика басшыларының саяси осалдығы, күрделі ахуалдан шығудың тиімді жолдарын таба алмауы, тіпті, табуға тырыспауы, сонымен қатар, саналы да ұстамды саясатқа емес, күшке сүйенуі басты себеп болды [3; 21б.].

Жастар қозғалысын басу үшін арнайы оперативті жоспары «Құйын-1986» деп аталды. «Құйын» жоспары бойынша-оқиғаны өздерінің қалауымен қажетті арнаға-қылмыстық немесе ұлттық бағытқа, тіпті арандатуға дейін бұрып жіберуге, содан кейін қару қолдануға болады деп шешті.

Операцияны өткізуге 5700 адамнан тұратын Алматы горнизонының күштері мен құралы тартылды. Мұнан басқа КСРО ИМ-нің арнайы ішкі әскерлері Фрунзе, Ташкент, Челябині, Новосибирь, Уфа, Свердловск, Тбилиси қалаларынан – барлығы 2169 адам жұмылдырылды. «Ығыстыру операциясы» деп аталатын шаралар заңға қайшы, адамшылыққа жат әдіс-тәсілдерді пайдаланумен әрі ақтаушысы жоқ, мәнсіз қатыгездікпен жүргізілді. Солдаттар мен милицияның қимылы шабуылды тойтару не қорғаныс мақсатына емес, адамдарды қуалауға бағытталды. Ұрып-соғудың нәтижесінде қатысушылардың көпшілігінің қабырғасы сынып, іш құрылысының езіліп кетуі орын алды. 1,7 мыңнан астам адам дене жарақатын алды. Билеуші топ оларды ұлтшылдыққа ұрынған бұзақылар деп айыптап, қанға бөктірді [1; 296.].

1986 жылы 17-18 желтоқсанда Алматы қаласында болған толқуға, КОКП-ның бас хатшысы М.С. Горбачевтің өкілетті елшісі, басқарушы партияның Саяси Бюросының мүшесі М.С.Соломенцев бастаған топ желтоқсан оқиғасының шын мәнін бұрмалауға өз үлесін қосты. Ол желтоқсанды «ұлтшыл элементтер», «тобыр», «бұзақылар», «арамтамактар және қоғамға жат адамдар», «қайта құруға қарсы күштер», «маскүнем, нашақор, бұзақылар», «шектен шыққан ұлтшылдық» деп бағалады [2;114б.].

Қазақ ССР Жоғарғы Советі Комиссиясының жұмысы барысында ресми хабарларға мүлдем кереғар құбылыстар ашылды. Медициналық сараптау актілері негізінде жасалған Денсаулық сақтау министрлігінің мәліметтері бойынша ұсталғандардың арасында бірде-бір нашақор, бірде-бір маскүнем болмай шықты.

Әрине, бүгінгі таңда: «Бұл кімге қажет болды?» деген заңды сұрақ туады.

Егер алаңда бұзақылар мен маскүнемдер, нашақорлар жиналса, оларға қарсы күш қолдану саясаты өз-өзін ақтап шыға келмек. Сондықтан өкімет басындағылар шеруге қатысушыларды өңшең бұзақы, маскүнем етіп көрсетуге тырысты [3; 25б.].

1986 жылы 18 желтоқсан күні КОКП-ның Саяси Бюросы өзінің мәжілісінде «Алматыдағы оқиғаға байланысты шаралар» туралы қаулы қабылдады. 1987 жылдың шілде айында қабылдаған арнайы қаулысында желтоқсан қозғалысы «қазақтардың орыстарға қарсы шығуы» деп, барша халыққа ұлтшылдық таңбасын тақты. Қазақ жастарының көтерілісі-Қазақстанға сырттан әкелінген басшының тек орыс болғандығы үшін ғана емес, Қазақстанның мемлекеттік мүддесінің ескерілмеуіне қарсы наразылық болды. Мұны 17 желтоқсан күні таңертең шеруге шығып, алаңға келген жастардың қолдарына ұстаған-«Ешқандай ұлтқа, ешқандай артықшылық болмасын», «Ұлт саясатының лениндік ұстанымын сыйлауды талап етеміз», «Әрбір республикаға-өз көсемі!», «Қазақстан жасасын!» деген ұрандары айқын дәлел болады.

Желтоқсан қозғалысы ұлттық мүдде жолында қайсарлық танытқан, желтоқсан оқиғасының қайғылы беттерінің бірі – Қ. Рысқұлбеков, Е. Сыпатаев, Л. Асанова, С. Мұхамеджанова қазақтың өрімдей жас демократ жігіттері мен қыздарының қаза болуы [2;114б.].

Әсіресе 1987 жылы 5 қаңтарда Қазақ КСР прокуратурасының қазақтың қайсар ұлы Қайрат Рысқұлбеков үстінен қозғаған қылмыстық әсә тергеу тобы жүргізген істердің ішіндегі ең жан-түршігерлік іс еді. Қ.Рысқұлбековке: «Алаңда халық жасақшысы С.А.Савицкийді ұрып өлтірді», - деп жалған айып тағылды. Бірақ кейбір куәгерлер Савицкий өлтірілген уақытта Рысқұлбековтың қаланың басқа шетінде жүргенін айтады.

Қайрат Савицкийді өлтірмегенін дәлелдеп баққанмен, жетекке алған қызыл жағалы жендеттер оның жауабына сенбей, ақыры кісі өлтіруші қылмыскер етіп шығарды [1; 30б.].

Жүзінен намыс алауы лапылдаған Қайрат ағамыз тірі тұрғанда сөз жоқ өз халқының айбарлы ақыны, үлкен қоғам қайраткері болар еді. Оның түрмеде отырып жазған өлеңдері, ой толғамдары, күнделіктері, үйіне жолдаған хаттары көзге еріксіз жас алып келетіні анық.

Желтоқсан көтерілісі бойынша тергеу барысында 99 адам сотталды, 264 адам жоғары оқу орындарынан, 758 адам комсомолдан шығарылды. 1164 комсомол мүшесіне, 210 партия мүшесіне әр түрлі жаза берілді, 52 адам КОКП қатарынан шығарылды. Ішкі істер

министрлігінен 1200 адам, Денсаулық сақтау және Көлік министрліктерінен 309 адам жұмыстан босатылды, жоғары оқу орындарының 12 ректоры қызметінен алынды.

Қазақ ақпарат агенттігінің бұрынғы директоры Жұмағали Ысмағұлов, республикалық «Коммунизм туғи» газетінің редакторы Турдахун Назаров, Алматы облыстық «Жетісу» газетінің редакторы Мамадияр Жақыпов, «Огни Алатау» газеті редакторының орынбасары С.Скорородов және басқа да көптеген журналистер жазықсыз жазаға тартылды. Бұл адамдар оқиғаға қатысушылардың ісі бойынша өкімет органдары ұйымдастырған сотта түсірілген фотосуретті жариялағандықтан да «айыпты» болды [2;114б.].

Егер біз желтоқсан оқиғасынан туындаған қасіреттің шеңберін жоғарыда аталған сандармен ғана өлшесек қатты қателесеміз. Бұл бүкіл қазақ халқын үлкен рухани күйзеліске түсірген және республикамызда мекендейтін барлық ұлттардың көңіл алаңына мазасыздық бұлтын қондырған келеңсіз оқиға болды.

Желтоқсан қозғалысы-ұлт-азаттық тарихында ерекше орын алады. Бұл ұлттық рухтың жаңғыру, қайта түлеу кезеңінің басы болды. Ұлт-азаттық қозғалыс жаңа сатыға көтерілді. Ол бүкіл халықтың рухани өміріне әсер етіп, ұлттық сананы өсірді, ұлттық рухты жандандырды.

"Желтоқсан оқиғасы" тәуелсіздіктің, азаттықтың, демократиялық жаңғырудың бастауы болды. Ол жас жігіттер ар-намыс пен елдік рух жолында теңдікті талап еткен тегеурінді күш-қайнарының тоғысқан шағы еді. Ел мен ұлттың тәуелсіздік хұқын қорғау үшін бас көтерген желтоқсандық жігіттер мен қыздардың бұл қадамы шын мәнінде ерлік еді. Міне, осы қанды оқиғадан кейін бес жыл өткен соң, Қазақстан тәуелсіздік туын тікті.

1991 жылы 16 желтоқсанда Республиканың Жоғарғы Кеңесінің жетінші сессиясында «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Тәуелсіздігі туралы» Заң қабылданды. Сан ғасырлар бойы тәуелсіздікті армандаған қазақ халқы үшін осы күн -Тәуелсіздік күні деп жарияланды [4; 141б.].

#### **Пайдаланған әдебиеттер:**

1. Т.О. Омарбеков, Б. С. Сайлан Қазақстан (Қазақ елі) тарихы Тәуелсіз Қазақстан: алғышарттары және қалыптасуы 4-кітап. 2016.-470 б.
2. Б.Ф. Аяған, Х. М. Әбжанов, Д.А. Махат Қазіргі Қазақстан тарихы: Жоғарғы оқу орындарының тарихшы емес мамандықтарына (бакалавриат) арналған оқулық / Б.Ф.Аяғанның жалпы редакциясымен. –Алматы: Раритет, 2010. -448 б
3. Алматы.1986.Желтоқсан: Айғақ кітап./Құраст.Талғат Айтбайұлы.-Алматы: «Толғанай Т» баспасы, 2016
4. Нұғман Б.Ф. Он бес дәріс: Оқу құралы / Б.Ф. Нұғман, А.А. Абдрахманова; Қарағанды мемлекеттік техникалық университеті.Қарағанды, ҚарМТУ баспасы; 2010. – 217 б.

#### **К вопросу о приемственности принципов национальной идеи «Мәңгілік Ел» в образовательных ценностях ГОСО Республики Казахстан**

Ахметова А.

Научный руководитель: к.и.н., доцент Мырзахметова А.Ж.  
Карагандинский университет имени академика Е.А. Букетова

Наше государство стоит перед новым выбором, так как общество диктует новые правила. Новые проблемы общества такие как: снижение ценностей, низкий уровень патриотизма, гражданской позиции, слабое здоровье молодежи, ставят перед образованием Казахстана новые вызовы. Поэтому перед системой образования Казахстана стоит важная цель – воспитать духовно-нравственного, разностороннего патриота своей страны. Современная ситуация требует принятия каждым членом общества ответственности за свою судьбу, за выбор той или иной системы ценностей и ценностных ориентаций. В связи с этим актуально изучение проблемы реализации ценностного подхода и её связи с новыми